

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 10 шілде N 227-II.

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Z970094_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат, N 23, 921-құжат):

1) 21-баптың 2-тармағы "ортақ шаруашылық" деген сөздердің алдынан "кемінде бес жыл" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 29-баптың 2-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тұрғын үйдің және жер участесінің нарықтық құнын қоса, меншік иесіне құқығы тоқтатылғанға дейін төленетін ақшалай өтем төленуге, сондай-ақ меншік иесіне келтірілген залалдардың орны толық толтырылуға;";

2) тармақшадағы "жана" деген сөз "тұрмысқа жайлы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 116-бапта "жана" деген сөздер "тұрмысқа жайлы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 119-1-баппен толықтырылсын:

"119-1-бап. Қазақстан Республикасының астанасында мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер участекелерін алып қоюға (сатып алуға) байланысты тұрғын үйді бұзған кезде меншікке тұрғын үй беру ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының астанасында мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер участекелерін алып қойған (сатып алған) кезде алып қойылатын (сатып алынатын) жер участесінде орналасқан тұрғын үйдің меншік иесінің таңдауы бойынша тұрғын үйдің нарықтық құны мөлшерінде өтем төленеді не меншігіне тұрмысқа жайлы тұрғын үй (пәтер немесе үй) беріледі, егер азаматтарға заңмен өзге де жеңілдікті нормаларға кепілдік берілмеген болса, оның пайдалы алаңы алып қойылатын (сатып алынатын) тұрғын үйдің (пәтердің немесе үйдің) пайдалы алаңынан аспауға тиіс.

Осы Заңның 115-бабында көзделген шарттық міндеттемелерге орай нақ сол немесе басқа жер участесінде бұзылған тұрғын жайлардың орнына жаңадан салынған тұрғын үйлерден бұрынғы меншік иелерінің (жалға алушылардың) меншігіне (жалға) басқа тұрғын үй беру құрылыш салушының келісімімен ғана жүзеге асырылады."

2. "Қазақстан Республикасы астанасының мэртебесі туралы" 1998 жылғы 20 мамырдағы Z980230_ Қазақстан Республикасының Занына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 7-8, 79-құжат):

1) 3-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мемлекеттік қажеттіліктер үшін жерді алып қою (сатып алу) туралы шешімдер қабылдайды, бұл орайда жер участекелерінің меншік иелері немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар участекелерді алдағы кездегі алып қоюдан (сатып алудан) кемінде үш ай бұрын бұл жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жазбаша хабардар етілуге тиіс"; <*>

Ескерту. ҚР Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 9 шілдедегі

N 12/2 S010012_ қаулысын қараңыз.

2) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:

"3-1-бап. Жер участекелерін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қою (сатып алу) ерекшеліктері

1. Жер пайдалану құқығын сатып алған меншік иелері мен мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер участекелерін алып қою алдағы кезде жер участекелерін сатып алуға дейін үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде оларды міндетті түрде хабардар ете отырып сатып алу тәртібімен жүзеге асырылады. Меншік иелері немесе жер пайдаланушылар осындай хабар алған күннен үш ай өтпей тұрып жер участекесін сатып алуға меншік иесінің немесе жер пайдаланушиның келісімімен ғана жол беріледі.

Егер меншік иесі немесе жер пайдалануши өзінің жер участекесін мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алу туралы шешіммен келіспесе не сатып алынатын жер участекесінің бағасы немесе сатып алудың басқа да шарттары жөнінде олармен келісімге қол жетпесе, астананың атқарушы органды үш ай өткеннен кейін жер участекесін сатып алу туралы сотқа талап қоюға құқылы.

2. Сатып алынатын жер участекесінің бағасын анықтаған кезде оған жер участекесінің немесе оған құқықтардың және онда тұрған жылжымайтын мүліктің нарықтық құны, сондай-ақ жер участекесінен айырылуына байланысты меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген залалдар, олардың үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтатуға байланысты шегетін залалдарын қоса алғанда, барлық залалдар қосылады.

3. Уақытша өтеусіз жер пайдалануға берілген жер участекесін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қою жер пайдалану құқығы сатып алынбай жүзеге асырылады . Жер пайдаланушыларға толық көлемінде залалдардың орны толтырылады, сондай-ақ олардың тілегі бойынша басқа жер участекесінің берілуі мүмкін.".

3. "Жер туралы" 2001 жылғы 24 қаңтардағы Z010152_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 4, 21-құжат):

1) 67-баптың 2-тармағының бірінші және екінші сөйлемдері "жер

пайдалануышыға" және "жер пайдалануышы" деген сөздерден кейін ", егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 70-баптың екінші бөлігі "жер пайдалануышына" деген сөздерден кейін ", егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.